

24/5К43
К23

ҚОНАШ ҚАЛДЫОРАЗҰЛЫ



**ЕЛ АНАСЫ —
ЕР АНА**

Қонаш Қалдыоразұлы

ЕЛ АНАСЫ – ЕР АНА

(деректі повесть)

Алматы қаласы
2006 жыл

ББК 84 (5 Каз.) 7-4

Қ 25

Қалдыоразұлы Қонаш.

Қ 25 Ел анасы – Ер ана. — Алматы: 2006. — 216 бет.

ISBN 9965-21-061-6

Бұл кітаптағы жазбалар Атырау өніріне белгілі апамыз – Социалистік Еңбек Ері Сәли Шәкірованың өмір беттерінен алынған. Осы кітап жастарға және болашақ қауымға өнеге болады деп сенеміз.

Қ 4702250201
00(05)-06

ББК 84 (5 Каз) 7-4

ISBN 9965-21-061-6

© Қалдыоразұлы Қ., 2006.

“Ел анасы – Ер ана” оқырман қауымға ұсынылып отырған бұл кітап Социалистік Еңбек Ері, ауданың құрметті азаматы, жасы 90-ға таяған біздің өжеміз Сәли Шәкір келіні Үрім зайыбының жастық шағы мен өмірден көрген бейнеті мен зейнеті тура-лы болмақ.

Біз немерелері атынан ұсынысымызды қабыл алдып, кітаптың шығуына ат салысқан өкеміздің құрдасы Қонаш Қалдыоразұлына алғысымыз шексіз.

Құрметті оқырман! Осы кітапты Ұлы Отан соғысында қаза болған атамыз Үрімнің және өмірден 62 жасында кеткен өкеміз Үрімұлы Играшиннің ру-хына арнаймыз.

*Немерелері атынан
Үрімұлы Мұхтар Играшингегі*



I. БЕТАШАР НЕМЕСЕ БАС АРНА

Әлемдік теңіздер мен мұхиттар қоршауындағы жер материгінде Еуропа мен Азия арасында аралас орналасып, кең аймақты алғып жатқан кіндік Азияның бас мемлекеті Қазақстан Республикасын немесе қазақ елі жатқан ұланғайыр даланы айрықша жасыл мекен, қасиетті де киелі қоныс, ерекше ел деседе болады. Ата-бабалардың әк найзасы мен айбалтасының сұсымен, әк білектің күшімен, арғымак аттың желімен, азұлы да айбарлы ерлердің ерлігімен қорғалған және сакталған ұлан даланың, кең байтақ өлкенің әр өңірі мен қыры қадірлі де қасиетті, байлығын, қойнауына сыр жасырған дүйім дүние, тұнған тарих, таулар мен төбелердің, алқап пен айдын көлдердің қойнауы құт, шынайы шежіреге, өрелі өнерге, мол қазынаға, ғажайып ғұрыпқа, дана дәуірге, саналы салтқа, әдемі әдетке толы десе де болар-ды.

Осынау ұлан даланың немесе қазіргі қазақ елі қонысының батысынан шығысына, теріскейінен құбыла-тұстігіне қарай ұшқан құстың қанаты талып, жортқан аң мен шапқан аттың аяғы алынары ақиқат. Осынау ұлы да ұлан далада бұрын үш жүздің рулары мекен етсе, бүгінде жүздеген ұлттар мен ұлыстар қоныстанып, қатар өмір сүріп, бақытты ғұмыр кешіп

келеді. Қыран үшса қанаты талатын қазақ дала-
сының батыс беткейін мекен еткен бір бөлігі
өзіміз өмір сүріп, тіршілік етіп келе жатқан Жы-
лыой елі деп аталады. Осы өнірге мекендер, өркен
жайған адамдар шоғыры құрайды. Осы өнірге,
бүгінгі халықтың арғы тектері ата-бабалары
келіп, коныс теуіп, өркен жайғалы, өмір сүріп,
өнірді өркендеткелі 300 жылдай мезгіл болып-
ты. Откен деректерге көз жүгіртсек, құйма құлак
қариялар әңгімесіне зер салсақ, ден қойсақ,
бүгінгі Жылыой жеріне жеті жұрт келіп, жеті жұрт
көшкен сыңайлы. Ел ішінде осындай сөз бар.
Бұл деректерде негіз жоқ емес. Көне тарихқа бай
Жылыой жерін талайлар мекендер, коныстанға-
ны белгілі. Оған куә да аз емес. Сарықамыс елді
мекені маңынан ежелгі Сармат дәуіріндегі жау-
ынгер зиратының, Аралтөбе аймағынан алтын
киімді адам мұрдесінің табылуы сөзіміздің ай-
қын дәлелі, тандай қақтырарлық құбылыс, те-
рең тарихтың алтын арқауы болса керек.

Осы өнірде құм басып, жел суырған өлкеде 1928 жылы Атырау аймағына қаасты Жылыой деген аудан құрылды. Құрылсызы қын, құбылысы өзге өнірде жаңа бой көтерген экономикалық аудан Кеңес заманындағы тірлікке сай іс атқарып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын қатар дамытудың, жедел өркендетудің шешімді проблемалары дереу қолға алынды. Әсіресе Кеңес өкіметі орнап, большевиктер билікке ие болысымен аудан бойынша мұнай іздестіру, кен көздерін ашу жедел қолға алынып, кең көлемде жұмыс жүргізілді. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында, ак гвардияшылармен айқаста,

“отын тапшылығы айқын” білінді. Осы кезде пролетариаттың ұлы көсемі отын ресурсын жасауды, ол үшін Орал – Ембі өнірінде мұнай өндіруді барынша жеделдетуді ел алдына міндет етіп қойды. “Бізде Гурьевтің мұнайы бар” деп, мактандырылған сезіммен айдай өлемге жар салды. Мұнайды тездетіп алудың перспективалық шараларын белгілеп берді.

Ілкі жылдарда, аудан көлемінде ауылшаруашылығын өркендетудің жаңа да жүйелі тұтқалары іске қосылып, жеке серіктестіктер күру арқылы, шаруашылдықтарды кең көлемде жүргізуге жол ашылды. Жыл сайын ауданы жөнінде “Атырау - Жыл сайын Энциклопедиясы” 2002 жылы шығарылған кітапта аудан жөнінде мынадай сипаттама берілген :

“Жылъой ауданы Атырау облысының шығыс бөлігіндегі Каспий теңізінің солтүстік шығыс жағалауымен, Жем, Қайнар өзендерінің сағалық бойын қамтиды. Жерінің орналасуына қарай, солтүстігінде Ақтөбе облысының Байғаннин ауданымен, онтүстік шығысында Манғыстау облысындағы Бейнеу ауданымен, ал тұра теріскейінде Атырау облысының Мақат, Қызылқоға аудандарымен шектеседі. Жергілікті тұрғындар өзінің шексіз-шетсіз кең де қуан, ойдым-ойдым соры бар масалы-шіркейлі табиғатымен қатар, ойпатты жазығын ежелден Кең Жылойым деп атап келеді. Себебі, талай үрпактар үшін Жылъой өнірі ата-баба иісі сіңген, кіндік қаны тамып, тұсауы кесілген қасиетті атамекен. Каспий маңы ойпатымен, оның қойнауындағы тұз күмбездері ерте заманнан бері теңіз

шөгінділерімен, қалың қабатымен терең көмілген құрылымдары.

Мұнда ғасырлар бойы теңіз суындағы элементтердің баршасы сүзіліп, тұңған, текшеленген, сондықтан да Жыл сайын ауданының жер қойнауындағы сан түрлі табиғи қорлардың мол шоғырлары қалыптасқан.” Жыл сайын өз алдына аудан болып құрылғалы 1998 жылы алғаш рет өзінің мерекесін 70 жылдық тойын тойлады. Аудан әкімі Төкен Танаұлы Жұмағұлов өзінің осы мерекеге арналған “Кең Жыл сайын - ырыс кеніші” деген кітабында белгілі дейді : “Тек бір нәрсе біздің пайдамызға сөйлейтін сияқты. Жыл сайын осыдан 50, 20, тіпті бұрынғы Жыл сайын емес. 100 жыл бұрын Қарашұңғілмен, 65 жыл бұрын Қосшағылмен, кейін Қаратон, Құлсарысымен, Сарқамыс, Прорвасымен әрі кетсе одакқа белгілі болған. Жыл сайын бұгін алтын дариясы теңіздей шалқыған. Теңіз кен орнымен дүние жүзіне танымал. Бұрын ғасырлар бойы қазактармен майлы қасықтай араласқан бірнеше ұлтты ғана білетін Жыл сайын жері, бұгін шалғайдан келген, чехтарға, мадиярларға, ағылшындарға мұнайлы өңірді игеруге келген басқа да ұлттың өкілдеріне таңданбайды, занды құбылыстай қабылдайды”.

Әлбетте, Жыл сайын жері суыз, шөлейт, щелді аймақ болып есептелінеді. Жаз ортасы болмай Жем өзені тартылып, құрғап қалады, жазы ыссы, жер бедері қуаң болып келеді. Ыссылықтың деңгейі кей жылдары 50 градустан асатын кездері де кездеседі. Оның үстіне шығыстан үздіксіз соққан желден шаң бораны көтеріліп, киын да қолайсыз жағдайларға тап қылады. Жел

боранымен қабаттасып келген ыссызық жүзінді қарып, жаңынды шыжғырады, мазанды кетіреді, адамдардың есін алғып, ауруға душар етеді. Сонымен бірге Жылой жерінің қысы да қatalдау, қарсыз, қара сұықтау, аяздау болып келеді. Қар жаппаған қара жер қатты аяздан қақ айырылады. Өйткені, бұл аймакта қыста аязды, қаттылау болып келеді.

Осындай табиғаттың тарымшылығына тап болып, тағдырлары “құдай қарғап” тығырыққа тірелсе де Жылойды жайлаған ел-жұрт, адамдары алапат қындыққа мойымай, қайыспай, күресіп, еңбек етуге, өмір сұруге, білім алуға, ғылымды игеруге, тұрмыс құруға, өнерді менгеруге, жерді өндеуге, жер асты байлығын игеруге ерекше көніл бөліп, ынта мен ықылас, кең пейілдік пен көнбістік танытып, бейімділік байқатып келеді. Демек, бұл өңірдің адамдары батыр да қайса, әр адамы ерекше, епті деген биік баға бірден-бір лайық жандар. Кең көсілген байсын да байтак далада, қазактай елде Кенес өкіметі орнаған соң, өзара еңбек бәсекесі өріс алыш, кең көлемде қанат жайып, еңбекшілердің ерекше ықыласын туғызды. Биік те бірегей табысы үшін, өзара жарыс ел еңбеккерлерінің барлық қауымын қамтыды. Әсіреле, қазактың ұлан – ғайыр даласынан көмір мен мұнай, мыс пен темір өндірудің өзіндік қалыптасқан тарихы бар екенін айырықша айтқан жөн. Соның ішінде Жылой жерінде мұнай көздерін іздестіру, пайдалану кезеңі бұдан бір ғасырдан астам бұрын басталғалы белгілі екенін ерекше айту лазы. 1899 жылы Жылой ауданының тұстігіндегі

Қаракүм қойнауының Қарашұңгіл мекенінде осы аттас кен орнының көзі ашылып, алғашқы атқылаған азғантай мұнай бұрқағы ауданымыздағы, қала берді облысымыз бен республикамыздағы мұнай тарихының алғашқы бастауы деп айтылып, алғашқы тарауында жазылып келе жатқаны да содан. Бұл біздің өңір адамдары үшін ерекше мақтаныш. Оның үстіне осы Қарашұңгіл турасында тұңған тарих, аңсарынды аударап аныздар көп. Әңгіменің арқауы әуелі жер бедері Қарашұңғыл, Қарашұңқыр десе, енді бір арқау арманда кеткен ғашықтар хикаясына бастайды.

Аңыз бойынша Қара кедейлеу, бірақ он саусағынан өнер тамған сері де сертшіл жігіт. Ел ішін аралап, ару қыздар мен кербез де көркем келіншектерге кебіс, етік тігеді. Алтын мен күмістен сырға, білезік, сақина, өніржиек соғады. Ал Шұңгіл болса, байдың ерке өскен, еліктей елеңдеген, ішкені алдында, ішпегені артындағы қызы еді. Бірақ қылышы өзге. Екеуі бірін – бірі қатты ұнатқан, жүргегімен сүйіскең, қосылуы уәделері берік ынтық жандар. Алайда тағдыр екеуінің қосылуын қаламаған. Бір күні ғашығын іздең, құса болған шұңгіл жолға шығып, дегеніне жете алмай, ауылдан ыссыда шығып кетіп, Қараны іздеймін деп шөлге ұрынып, жол үстінде талып құлайды. Ақыры анқаны кептірген атап ыстық, қызды арманда мерт етеді. Қара да қапияда қасіретке ұшырап, қайғы оранады. Шұңгілге жетем деп жүргенде, ол да оқыстан мерт болады. Далалық, тағылыш іс - өрекет деғенмен бұлардың махаббаты да сырбаз сезімге толы, кәдімгі өлем мойындаған Қозы Көрпеш –

Баян Сұлудың, Асалы мен Көкетейдің трагедияларымен үндес, солардың махаббат хикаяларына ұқсас. Әсерленесің, көнілінде аяныш сезімі оянады, сенгің келеді – сенесің. Сенбеске лаҗың жок. Өйткені, махаббат киесі киелі, ал киеге ұшырағандарды махаббат киепеті ұруы әбден заңды. Жер ана ию, исіну, тамырлары байланып шемен болып, қатып қалған деген сөз бар.

Неге десең, сүйген жүректердің қасіреті, сүйіскен жандардың көз жасы, қашанда жер аның қайғысы. Махаббат киесін сыйламайтын, білмейтін жандарға жер асты мұнайын алуы екі талай. Махаббат күші бәрінен басым. Сондыктан олар шейіт болған жерден мұнай өнімін алу аса қыын, оған ешкімнің күші жетпейді. Жерді сүйе білмеген, қадір тұтпаған жандарда махаббат сезімі де болмайды. Әрине, бұл әдемі аңыз, тамсанып қана қоясың. Алайда, аңыз ақиқаттан тұрады. Бұдан 80 жылдай бұрын мұнай көзін тапқан Бешім қарттың аңғарымпаздығы мен азamatтығы, қырағылы мен қаһарман ерлігі, еңбек-қорлығы кейінгі ұрпаққа үлгі болып, жарасымды жалғасып келеді. Оның барлық ұрпағы бүгінде мәртебелі мұнайшылықты қалап, өз мамандықтарының майталмандары атанды. Өткен жылды, яғни 2005 жылды 70 жылдық торқалы тойы тойланған Қосшағыл Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы бесжылдықтың бел баласы, төл перзенті.

Кең Жылдың жері табиғи байлықпен қоса өрелі өнерге де, мыңғырған малға да бай болғанын, әлі де бай екенін айрықша айту ләзім. Қыздарының көріктілігімен, көркемділігімен, жігіттерінің

жайсандығымен, жампоздығымен, азаматтарының кең пейілділігімен, кеменгерлігімен, аналарының асылдығымен, ардақтылығымен де Жылый даңқы төрткүл дүниеге тегіс танымал. Жылый ежелден өн мен күйдің, өншілер мен күйшілердің, мәдени-ескерткіш мұралардың мекені. Жылый – ежелден батырлар мен ерлердің отаны. Бұрынғы дәуірлерден өткен Ырысалы мен Бекеттің, Байбактының, Төремұрат, Өтен, Нарынбайдың, Қосан мен Қосуақтың, Көшек пен Бәлтектің, кешегі XX ғасырдағы Ұлы Отан соғысындағы құралайды көзге атқан мерген Есқайыр Халықовтың, Далабай Жазықбаевтың, кейінен белгілі болған ата-бабасы да осы өнірде туып өскен, тағдыр желінің айдауымен өзге өнірде өмір сүрге мәжбүр болған Кенес Одағының Батыры Біләл Қалиевтың, Ратушыға ту тіккен Раҳметолла Қарамановтың, ерен ерлігімен кітап кейіпкерлеріне айналған Сәді Дүйсенбековтың, Төлеген Бисенғалиевтың қырандылығы, қай елдің батырларынанда кем емес, қайта көбісінен артық... Жылыйдың атын шығарған, айдай әлемге паш еткен көрікті қыздарымен қалай мактанбассың.

Орынбор, Тұздебенің тұзын көрсөн,
Жылыйдың таң қаларсың қызын көрсөн, –

деп ақындардың әрқашанда жырға арқау етуі, әнге қосуы тегін болмаса керек. Ендеше – Жылый әнімен де, сәнімен де салтанатты. Жылый – ак желең азаматтарыменен де, аяулы аналарымен де ардақты. Жылый – жалын жастарымен де, жайсан жігіттерімен де, көркем қыздарымен де көрікті. Бір кездегі біреудің қол астында “бұра-

тана халық” атанған қазақтың кейінгі үрпағы ұлы істерге қол созған, білім-ғылымды терең меңгерген, елі үшін еңбек ете білетін өнерді игерген, әдебиет пен мәдениеттің биігіне жеткен ұлағаты істін иелері атанды. Бәрі де ұлан дала мінезіне сай мәрттік, сақильтық пен жомарттық таныта алатын тарландар десек, артық айтқандақ болmas.

Егер Кеңес дәуірі орнағаннан кейінгі өр онжылдықты бір кезеңге бөлер болсак, былайша өрнектеледі: Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы онжылдықта өндірісте де, шаруашылықта да жаңа қоғам талабына сай алғашқы қалыптасу кезеңі басталып, алғашқы бесжылдықтарға дайындық жұмыстары жүргізілді десе де болады. Екінші онжылдықта, яғни, 1927 – 1937 жылдардағы елде аса қын жағдайлар қалыптасқанымен, үлгілі жұмыс түрлері жүзеге аса бастады. Байлар тап ретінде тәркіленді. Жер өндейтін серіктестіктер ауыл шаруашылығында көптеп құрылып, кең көлемде жұмыс жүргізілді. Кейін олар ұжымдық шаруашылықтарға айналып, басқару ісіне кешегі бай есігінде жүрген көптеген қара табан кедей өкілдері араласа бастады. Шаруаның басы-қасында солар жүрді, ілім-білім дегенге дең қойды, жаңалыққа ұмтылды.

1930 жылдардың бас кезеңінде Донбасстық шахтер Алексей Стахановтың күндік тапсырманы 200 – 300 пайызға артық орындау бастамасы бүкіл Отан халқы тарапына кең қолдау тауып, жаңа бастамаға қарлығаштай қанат қағып, кең байтақ ССРО территориясына тез тарады. Халық шаруашылығының қай саласына да тез сіңісті болды. Стахановтық қозғалыс еңбек ұранына

айналып, еңбектің алтын ашқышы іспетті көрінді. Стахановшылар қозғалысын халық шаруашылығының өзге салалары сияқты, ауылшаруашылығының еңбеккерлері де жан-жакты қолдап, жан қиярлық табанды еңбегімен, толымды табыспен, өз үлестерін қоса білді. Әр түрлі жұттар мен апаттардан аман қалған Жылдыойлық малшылар биік деңгейде еңбек етіп, мәртебесін өсіре түсті.

Сол жылдарда колхоздарда басқарма болған Әбдірахман Қожаниязов Стахановшылар қозғалысына белсенділікпен атсалысып, малшыларын іргелі іске жұмылдыра білгені үшін, алғашқылардың бірі болып “Еңбек Қызыл Ту” орденімен марапатталды. Оның бұл бастамасын қостаушылар күн сайын көбейіп, өзекті іс өрістей түсті.

Жылжып жылдар өтті! Откен жыл өмірге тарих болып енеді!. Әр жылдың өз бедері, өз биігі, өз шамшырактары болмай қалмайды. Әр жылдың өз бейнеті мен қасиеті, қуанышы мен қызығы, қайғысы мен наласы, қам-харекеті де жок емес.

Ушінші кезеңде, немесе 1937 – 1947 жылдарда ел басынан небір қын кезеңдерді, қын замандарды, зауалды шактарды өткізуге тура келді. “Халық жауы” деген пәле ел басына қара бұлттай төнген қасірет қара тұндей еңсені басып, әр шаңыракқа қайғы, әр адамға үрей әкелгені аян. Жазықсыз жапа шеккендер, шарасыз жүректерде шемен болып қатып, мәңгілік жазылmas дертке айналды. “Халық жауы” атанған азаматтың адал жары да, бейкүнә ұрпактары да шет қақпай жесірлік пен жетімдік көріп, көнілі мұңға, жүрегі зарға толды. Әлі күнге әділдігін тауып, әкесін

ақтай алмай жүрген жандар да жок емес. Актаса да, шейіт болған жазықсыз жанның мұрдесі қайда жерленді, қалай өлтірілді, ешкім білмейді, ешкім ашып ештеңе айта алмайды. Ой, заман - ай, десейші!

Осындаған нәубеттен кейін, көп ұзамай байтак Отанымызға аса қауіпті қатер төнді. Бейбіт жатқан ССРО мемлекетіне, Совет Одағы атты байтак елге тұтқылдан неміс фашистерінің шабуылы жасалып, еліміздің барлық халқын қамтыған Ұлы Отан соғысы басталды. “Халық жауы” құрбандығынан аман қалған азаматтар, енді ерікті де еріксіз алапат ажал зәрін сепкен соғысқа жіберілді. Ешкімде бұдан шет қақпай қала алмады. Елім деп еңіреген ерлер өз еріктеріменен майданға алынып жатты. Сол кезде, яғни, соғыс жылдарында 1939 – 1945 жылдарда майданға алынған 3550 адам делініп жүр - аудандық әскери комиссариаттың бүгінгі есебі бойынша. Міне, осы азаматтардың 2545-і соғыста, 7 адам госпитальдарда опат болса, 640 майдангер хабарсыз кетті... Бұл мәліметтер Жыл сайын аудандық әскери комиссариатында дайындалып, жүртшылыққа ұсынылған тарихи анықтамасынан алынды. Бұл, әрине, нақты дерек болмауы да мүмкін. Жат жерде оққа ұшып, шейіт болған, майданда ерлікпен қаза тапқан асыл азаматтардың дені қай жерде, қай елде, қалай жерленді, белгісіз? Әлі күнге әкесін іздеген үрпак, жарын күткен келіншек, баласын күткен ана сағыныштан сарғайып, үмітін үзбей келеді...

Енді-енді қанатын кеңге жайып, өрістей, өркендей бастаған өмірге келген өндіріс ошактары мен болашаққа батыл қадам жасаған шару-

ашылық иелері – азаматтарынан айырылған соң, құлазып сала берді. Азаматынан ада болған ауыл ажары мен базарынан айырылды. Кешегі қызықты күндер, думанды өмір көзден бұлбұл ұшты. Еңіреп етегі толған ана мен ару, қайғыдан көкірегі қарс айырған келіншек көркінен айырылды. Бала біткен ойындарын сап тиып, тез есейді. Ел басына төнген нәубетті, жұдырықтай жүректерімен сезінді. Сезінді де, балалық пен шалалықтан безінді. Соғыс өрті күннен күнге үдей түсті. Елге қатерлі қауіп шынымен төнгені айқын сезілді. Az уақытта еліміздің көптеген қалалары мен селолары, елді - мекендері, өндіріс - ошақтары, егін алқаптары, жау қолында қалды. Бірақ, біздің еліміздің, оның адамдарының рухы биік те жігерлі, мықты болды. Бір жұдырықтай жұмылған Совет халқы, басқа түскен киындықты, ел басына төнген қауіпті жеңу үшін, аянбай арпалысты, барынша батылдық көрсетіп, “жаным – арымның садағасы, арым – жанымның садағасы” дегенге берік бекінді. Айбынды ата-бабаларының, өнегелі өсиетіне беріктігін бірден байқатты. Елде екінші майдан ашылды. Ол соғысқа кеткен азаматтар орнына, әке орнына әйелдер мен балалар сапқа тұрып, еңбек майданына, мал шаруашылығына, егіндік пен шабындыққа аттанды. Осал жандар деп есептелетін әйелдер де, бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпаған жас өспірімдерде еңбек пен ерліктің ерен үлгісін көрсете білді. Екі азаматтың жұмысын бір әйелге, небір жасөспірімге атқаруға тура келді. Оған олар ренжімеді де, қаймықпады. Ел басына күн туған зауалды шақта, ел етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен, сұсты да, сұмырай, ала-

ғай да-бұлағай аласапыран заманда, жасөспірімдер мен қарттардың, қыз - келіншектер мен аналардың адал еңбегі, үйымшыл жұмысы, жасымаған жігері мен бірлігі арқасында, әр іс адал атқарылып, әркім абырой биігінен көріне білді.

Әсіреке, осы жылдарда ауылшаруашылығында соғыс жағдайында, аналар мен аталардың, жасөспірімдер мен қыз-келіншектердің ширыға кимылданап, майданда жүрген қызыл жауынгерлер сұнқарларды қажетті азық-тұлікпен, жылы киіммен қамтуда қалтқысыз еңбек етіп, үрдіс үлгісін көрсете білді. Кейін, ерекше айтқан жөн, сол жылдардағы әйел-аналардың азаматтығы мен адамдығы, адалдығы мен арлылығы, еңбеккорлығы мен бейнеткорлығы, табандылығы мен төзімділігі жан-жакты танылды. Балаларының бірін арқалап, бірін жетектеп жүріп, сары ала таңдан көз байланып, ымырт үйірілгенше егіндікте, шабындықта еңбек еткен ананы, қалай ер демейсің. Женістің тездетілуін, өздеріне тікелей байланысты екенін бала да, ана да шынайы сезінді. Сол жауапкершілікті мойнына алған көптеген аналар, жаздың аптабында да, қыстың қақаған боранды аязында да, нөсерлі-жаңбырлы күз бен көктемде де, көңіліне үміт отын медет етіп, мал соңында жүрді. Мал басын аман сақтауға, мол да сапалы өнім өндіруге, бар күшжігерін жұмсады. Жалғызылықтығына қарамай, талай - талай тығырықтан шыға білген ана еңбегін ерлік емес деп қалай айтасың. Олар шын мәнінде Ер болатын. Соғыс жылдарындағы аналар, уақыттың қындығымен есептеспеді, жағдайдың ауырлығына мойынады, “тар жол тайғақ кешу” тағдырларына налымады, төзді... Әйел

ретінде осалдық, оғаш қылық танытпады, күйкілікке, күйректікке бой алдырмады. Адалдықтың ақ туын биік көтеріп, ансаумен сағынумен асылын күтті...

Сондай үлгісімен өнеге аларлық жүздеген, мындаған аналар, киелі де, қасиетті Жылой өңірінде көптеп саналады. Олар ошақтарының отын өшірмеді, ерінің шаңырағын құлатпады, солардан қалған бірлі-жарым тұяқтарды таудай талапты азамат етіп өсіріп, адам қатарына қосу үшін бар өмірін арнады. Солардың қатарында... Есімі мен еңбекі аудан асып, облыс пен республикаға танылған, бүгінде жасы 90-ды иектеп қалған Социалистік Еңбек Ері, Жылой ауданының Құрметті азаматшасы, бірнеше орден-медальдардың иегері Сәли апа Шәкірова есімі, ерекше бір ілтипатпен, биік мереімен аталады. Жоғарыдағы кітабында аудан өкімі болған Т. Т. Жұмабұлов былай деп айтады : “Аудан орталығы Құлсары қаласында орталық тарихи - өлкетану мұражайы бар. Онда аудан өмірінен біршама көрсететін материалдар мен құжаттар жиналған. Мұражайда Ұлы Отан соғысы кезінде ауылшаруашылығын дамытуға қомақты үлес қосып, жанқиярлық еңбек еткені үшін Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған Нұрмағамбет Арқабаевтың, Сәли Шәкірованың, Татан Дешеновтың, Жанбөпе Мергенбаеваның суреттері ілулі тұр”.

Сол кітаптағы өкім өнгімесінде менің “Кең Жылойым – құт мекенім” деген өлеңім кәдеге жарапты. Сол өлеңнен үзінді келтіре кетсем, артық болмас:

Кең Жылой – құтты мекен, сырың мәлім,
Жетпіс жыл аудан болып құрылғалы,

Байлығың мен кендігін бас игізіп,
Қызығып кімдер саған бұрылмады.

Кешірдің бастан талай замананы.
Ояттың үйықтап жатқан саналарды,
Жазықсыз талай ұлың жапа шекті,
Жалмады аштық, қуғын агаларды.

Алғашқы бесжылдықтар белесінде,
Бұрғылау мұнай іздеу ел есінде,
Ашылды сан ошағы “қара алтынның” -
Мұра боп қалатындай келесіге...

Қосшағыл мен Құлсары құт шаңырап,
Жақсыны жаныменен жұрт танымак,
Бас қосты жаңа заман адамдары –
Гүлденді өлке жатқан құр қаңырап...

Талайлар мұнай үшін жанын берді,
Алаулап алдан атқан таңын көрді,
Оқыған Сафидайын жас мамандар –
Жылдыойға келген өмір жалыны еді.

Кенеттен соғыс өрті лапыллады,
Майданға жалғызды алды, жақынды алды,
Әкелер орнын басқан шикі өкпелер,
Ел үшін, еңбек етіп барын салды.

Хабарсыз кетті қанша ағаларым,
Бала жетім, жесір қалып аналарым,
Сан ошақтың өшірді отын ажал,
Жоқтау айтып, сынсыды далаларым...

Қаншама ерлер елге оралмады,
Қала қирап, өрт шалды қара орманды,

Қалған тұяқ кейіннен жетілдік қой,
Бірақ орны өкенің тола алмады.

...Талайлар тылда қалып, еңбек еткен,
Өмірдің әр асуын өрлеп өткен,
Жанбәпе, Сәли, Татан, Нұрмағамбет,
Еңбек Ері атанған сертке жеткен...

Өтті жылдар, еді ғой арман бәрі,
Еңбегі мен елімнің жанған бағы!
Қаратон, Теренөзек, Мұнайлы да,
Самсады качалканың “ормандары”

Прорва бүрқақ болып атқылады,
Кезек кеп Тенізге күшті жапты бәрі,
Қисымбай, Ақінген мен Аққұдығым,
Шалқытты “қара алтынның” шаттық әнін.

Жанын бақпай, бағатын қырда малын,
Ағаларды еске алсам нұрланамын,
Шарқ үрды орнын басқан өңкей жастар,
Нарықтың табамын деп мың амалын.

Жылжойым – ата қоныс, кең мекенім,
Сені жырлап жанымды тербетемін,
Байлықпен де, кеңдікпен атың шыққан,
Білеймін саған өлемде не жетерін!

Осы өлеңде өрнектелген өр тұлғаның бірі – Социалистік Еңбек Ері Сәли Шәкірова! Бұл есім бәрімізге ардақты, бәрімізге қымбат, бәрімізге ғибратты. Көпті көрген аяулы жанның кейінгі жас үрпаққа айтары да, берер тағылымы да мол. Бұл есім қазақ әйелінің киелі қасиеттілігінің айқын көрінісі, шын шырайы. Ауданда талай –

талай өйелдер, аяулы аналар, ардақты арулар Сәлидей еңбеккөр, Сәлидей төзімді де табанды, Сәлидей ұнамды да ұлағатты, Сәлидей адал ниетті, ақ пейілді, Сәлидей көңілі кіршіксіз, жүргегі кең, жаны жарқын болсақ деп арманда-ды. Болуға ұмтылды. Қындыққа мойымайтын қайсар да Ер ананың басынан өткен қындықтар мен қасіреттер қаншама? Бірақ ол бәрінде төзімділікпен төтеп беріп, табандылықпен жеңіп келеді. Ендеше ел сыйлаған халық қадірлеген ананы Ер емес деп қалай айтпассың...

Менің бұл шығармам осы бір ардақты да, ер ана жайында, оның өмірі мен қызметі, ұлағатты ұрпағы жөнінде өрбімекші. Әз ананың ерлік тұлғасын, батырлық бейнесін, кесек келбетін кескіндей білсем, көңілімдегі ойымның орайлы жүзеге асқаны, аса алғаны деп ойлаймын.

Әлбетте, бұл кітапты жазу барысында көптеген кісілермен кездесіп, сұхбаттасудың, әңгімелесудің жөні келді. Сәли апаның өзімен де бірнеше рет сөйлестім. Өкініштің, жасы 90-ға қадам басқан кезінде, жалғыз ұлының қазасы ауыр соққы болған ана, бірқатар жәйды әңгімелегенімен, көбін ұмытқанын байқатты. Соңдықтан, кітап барысында дұдамал пікірлер, ойлар кездесіп жатса, көңілдеріңізге алмаула-рыңызды сұраймын. Әйткені, өмір өтеді, өмір өткен сайын көңілдегі көп сырлар өшеді, естен шығады... Демек, деректерде нактылықтан гөрі па-йымдық ой пікірлер бар деп ескерерсіздер.

Сонымен... Қош... Бұл Сәлидей Ер ана жөніндегі көптен көңілімде жүрген сырым еді. Сәті енді тұсті. Ешten де кеш жақсы деген... Құп алып, көңіл қойып, құныға оқысаныз, біраз сырға қанығасыздар деп сенемін.



БІРІНШІ АРНА

ӨМІР БАР ӨРГЕ ӨРЛЕГЕН

Ізгіліктің ісі көп тірлігінде,
Көп ойлайтын елінің бірлігін де,
Биқтерге қол созып, жастайынан,
Бақыт тілеп, бас иіп тұрды күнге.

Жүрегінде әлдиелеп ізгілікті,
Тәрбиелі қашанды “қыз қылықты”,
Жайсан жастық жалынды, арынды еді,
Бәйгеге бір қосқандай жүз күлікті.

Баста жастық дәуренің тұра алмаған,
Жалын кезің алаулы құр алдаған,
Өтеді екен бәрі де ғайып болыш,
Кеудеде қап тек қана бір арман ән.

(Автордың көңіл сырынан)

* * *

“Жақсыны ұлықтай білу, жайсанды қызықтайды білу, ақылдың ісі”

Әбіш Кекілбаев.

* * *

“Тату шаңырактың шаттығы мол”.

(Халық даналығы)

Алла айтады екен: “Мен киыншылықты өзімнің жақсы көретін пендеме, сүйген Құлымғана беремін. Өйткені, олар өмірдің барлық ауыртпалығын, қиын қыстауын көтере біледі”.

Бар ғұмырын бағыш еткен балаға,
Айналайын ардакты ана, жан ана.
Сенің ұлы мәртебенің алдында
Басын иген данышпан да, дана да.

Дархандығың ұқсап туған далаға,
Айналайын ардакты ана, жан ана.
Саған арнап өлең айтып, ән шырқап,
Саған арнап жыр жазбасқа бола ма.

Айтам сені батыр деп те, ер деп те,
Орның бөлек үйде, түзде, еңбекте.
Тіршілікті бөлеп қойып жөргекке,
Өмір тілеп отырасың жер көкке.

Қасіретке қайыспайтын қара нар,
Жер бетінде жазылмаса жарадар.
Ол да сенің көз жасыңмен жамалар,
Айналайын, ак тілеулі аналар.

(“Ана” әнінен)

БАЛАЛЫҚ КЕЗЕҢ БАЛ КЕЗЕҢ

Жаз бойы балбырап, ал күзге салым нөсер жаңбырмен, шық шыламымен, өр бұтасы қанығатын жазиралы жайсаң даланы, бұл күндері қалың түскен ак қар жапқан. Ақ көрпесін айқа-ра жамылған сырбаз сырларға толған сайын, да-ланың көк жиегіне жанарың талып қарайсың. Ақ қар көз қарықтырып, жасауратады. Жазық дала бедерінде, ойдым-ойдым ойпандар мен бастьарын селеу шалған шағын қырат-қырқалары қарға көмілген. Қыс бойы қалың түскен қасат қарға кеше жауған мамық қар және қосылды. Бүгін қар үстінде шимай – шимай іздер шырлайды. Қасқырдың да, тұлкінің де, қарсак пен қояның да іздері бір-біріне қосылып, жосылып жатыр. Бірді-екілі мал ізі де көзге шалынады. Тебіндеп жайылған жылқының ізі іспетті.

Жаз бойы еркелей ағып, ауыл жанынан өтіп жататын, кейде өр өзен, кейде бал өзен деп ата-латын ерке Жемнің ғұмыры келте болғандай. Көкшемен мұз болып қатып жатқанын қайтерсің. Қайран, Жем өзенін айтсаншы! Елдің берекесі, халықтың ырысы емес пе!? Сонау Мұналжары тауынан бастау алып, Каспий теңізіне құятын өзен сағасына дейін жағалай жайылған қалың ел, қаптаған мал, жаз бойы бір арылмайтын жай-лы қоныс құт мекен ғой. Жағасы сайран Жем бойы елінің сауығы да, қызығы да ұлан жаз бойында бір арылмайтын-ды. Тойлы ауылдағы қыз қуу мен аламан бәйгенің өзі неге тұрады?

Бүгінде бетін қар жапқан, мұз басқан өзеннің де бүйіғы да бейқам жатқаны анғарылады. Жок, өзен